

Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1134 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің орнауы құрметіне қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалсын.

Осы аталған стипендия Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің неғұрлым дарынды - 8 магистрантына, жоғары оқу орындарының 1080 студентіне берілетін болсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.07.05 N 1399, 2005.04.21 N 1558, 2010.08.02 N 1032 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы магистранттар мен жоғары оқу орындары студенттерінің стипендияларының ең аз мөлшерінен 100 процент жоғары белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.08.02 N 1032 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын тағайындау жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми және педагогикалық кеңестерінің шешімдері негізінде жүргізіледі.

4. Стипендияларды министрліктер мен ведомстволардың арасында бөлуді - Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, ал жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары арасында бөлуді солар қарайтын министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын тағайындау 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілсін.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бәсіре стипендияларды тағайындау тәртібі туралы Ережені әзірлеп, бекітсін және олардың тізбесі мен саны жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Президенті